

Абай аудандық мәслихатының 2020 жылғы 12 наурыздағы № 60/653 "Абай ауданының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария үйымдарының мамандарына коммуналдық қызметтерді төлеу және отын сатып алу бойынша әлеуметтік қолдау көрсету және мөлшерін белгілеу қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгерту мен толықтыру енгізу туралы

Қарағанды облысы Абай ауданының мәслихатының 2020 жылғы 24 маусымдағы № 65/699 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 7 шілдеде № 5936 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Агрономикалық кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Зандарына сәйкес, Абай аудандық мәслихаты ШЕШІМ ЕТТИ:

1. Абай аудандық мәслихатының 2020 жылғы 12 наурыздағы № 60/653 "Абай ауданының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария үйымдарының мамандарына коммуналдық қызметтерді төлеу және отын сатып алу бойынша әлеуметтік қолдау көрсету және мөлшерін белгілеу қағидаларын бекіту туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5748 тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкісінде 2020 жылдың 16 наурызда жарияланған), келесі өзгерту мен толықтыру енгізілсін:

Көрсетілген шешіммен бекітілген Абай ауданының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария үйымдарының мамандарына коммуналдық қызметтерді төлеу және отын сатып алу бойынша әлеуметтік қолдау көрсету және мөлшерін белгілеу қағидаларында:

4-тармақта:

2 тармақша жаңа редакцияда келесі мазмұнда баяндалсын:

"2) мәліметтердің дұрыс еместігі немесе құжаттардың сәйкесіздігі;";  
келесі мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

"3) бір мекенжай бойынша тіркелген мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария үйымдарының екі немесе одан да көп маманының әлеуметтік қолдауға өтініш беруі".

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жариялаған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрагасы*

*Абай аудандық мәслихатының хатшысы*

*B. Черепанов*

*Б. Цай*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК